

Атырау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағын абаттандыру қағидасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 97-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 қаңтарда № 2676 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 13 наурыздағы № 367-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 13.03.2015 № 367 -V шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, V шақырылған облыстық мәслихат кезекті сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Атырау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағын абаттандыру Қағидасы белгіленсін.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология, қоршаған ортаны қорғау, агроөнеркәсіп және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Д. Құлжанов) жүктелсін.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атырау облысы бойынша
мемлекеттік сәулет-құрылыс
бақылау және лицензиялау
департаментінің директоры*

"12" желтоқсан 2012 жыл

Атырау облыстық ішкі істер

департаменті бастығының

бірінші орынбасары _____

"12" желтоқсан 2012 жыл

Атырау облысы бойынша

санитарлық-эпидемиологиялық

Б. Кенжеғұлов

С. Лұқпанов

Қ. Мұхаметқалиұлы

А. Дүйсембаев

Атырау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағын абаттандыру Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Атырау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағын абаттандыру Қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңдарына және өзге де Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасақталған.

2. Қағида Атырау облысының қалалары мен елді мекендерінің аумағын абаттандыруды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Негізгі ұғымдар

3. Осы Қағидада келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) аумақ субъектілері - жеке және заңды тұлғалар;
- 2) бөлінген аумақ – жер пайдаланушының (заңды немесе жеке тұлғаның) иелігіне берілген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған құқықтары бар, уәкілетті органдардың шешімдеріне сәйкес пайдалану үшін өзіне тиесілі нысандарды орналастыруға берілген жер телімі;
- 3) ғимарат – өндірістік үрдістерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыру мен сақтауға немесе адамдардың уақытша болуына, сондай-ақ құралдарды немесе коммуникацияларды орналастыруға арналған, табиғи немесе жасанды аумақтық шекарасы бар, көлемді, жазықты немесе тізбекті (жерүсті, суүсті және (немесе) жерасты, суасты) салынған жасанды нысан. Ғимарат сондай-ақ, көркемдік-эстетикалы, сәндік-қолданбалы немесе мемориалдық сипатта болуы мүмкін;

4) елді мекен - республика аумағының жинақы қоныстанған, азаматтардың шаруашылық және басқа қоғамдық әрекеті нәтижесінде қалыптасқан, саны кемінде 50 адам болатын, заңда белгіленген тәртіпте есепке алынған және тіркелген, жергілікті өкілді және атқарушы органдар басқаратын бір бөлігі;

5) жаяу соқпақ – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолға жалғасқан немесе одан көгал алаңмен бөлінген жолдың бөлшегі;

6) жерді пайдаланушы – мемлекеттік меншіктегі жер телімін өтеулі және өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге (тұрақты жер пайдалану) немесе белгілі бір мерзім ішінде (уақытша жер пайдалану) иеленуші және пайдаланушы тұлға;

7) жолдарды күтіп ұстау – жолдарды жүйелі түрде күтіп ұстау бойынша жұмыстар кешені, көлік құралдарының жол бойымен жыл бойы қауіпсіз және үзіліссіз қозғалысын қамтамасыз етуге арналған;

8) контейнер – қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған стандартты ыдыс;

9) қатты тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді қалдықтарды шығару келісімшарты – тапсырыс беруші мен қоқыс шығаратын кәсіпорын арасында жасалған заңды күші бар жазбаша келісім;

10) ірі көлемді қоқыс - өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тұтыну ірі көлемдегі қалдықтар;

11) өту-жүру жолдары, өтетін жер – рельспен жүрмейтін көлік құралдарының қозғалысына арналған жол элементі;

12) рұқсатсыз қоқыс орны – заңды және жеке тұлғалар қызметінің үдерісі кезінде пайда болған қатты тұрмыстық қалдықтарды, ірі көлемді қоқыс, өндіріс және құрылыс қалдықтарын, басқа қоқыс, қар, мұзды өз бетімен шығаруы (орналастыруы) немесе үюі;

13) шағын сәулеттік нысандар – көлемі жағынан кішкене өнерлік, сондай-ақ, іс жүзінде пайдалану үшін жасалған нысандар.

2. Жалпы талаптар

4. Үйлердің, ғимараттардың, жеке тұрғын үй құрылыстарының меншік иелері және (немесе) пайдаланушылары тұрмыстық қалдықтарды шығаруға уақтылы келісім-шарт жасақтайды.

5. Жер учаскесін пайдаланушылар арасында іргелес (бекітілген) аумақтарды тазарту жұмыстарының шекарасын анықтау, заңды және жеке тұлғалардың келісімімен осы Қағида, қала және елді мекендердің әкімдіктерді актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Тұрғын үй ғимараттарға іргелес аумақтар нысанның иесіне абаттандыруды, көгалдандыруды, жарықтандыруды және қоршауды, сондай-ақ кіре беріс жолдар

және жаяу жүргіншілер жолдарын қатты жабынмен жабу ұсынылады.

7. Бөлінген шекарадағы инженерлік және көліктік инфрақұрылым нысандарының аумағы көрсетілген нысандардың техникалық және пайдалану сипаттамалары ескеріле отырып, абаттандырылуы қажет. Аумақтарды абаттандыру және күтіп ұстау нысандардың меншік иелеріне жүктеледі.

8. Коммуникациялардың барлық түріне қызмет көрсететін шаруашылық субъектілері коммуникацияларды күтіп ұстайды және уақтылы жөндеу жүргізеді, оларды жөндегеннен кейін бұзылған жабынды қабаттары мен элементтерін қайта қалпына келтіреді.

9. Облыстың қала мен елді мекендері аумағында:

1) суаққы желісінің қоқыспен бітелуін болдырмау үшін суаққы коллекторларына сыпырынды мен тұрмыстық қоқыстарды тастауға;

2) жергілікті атқарушы органмен бекітілген орындардан басқа жерлерге қоқыстар мен қарды шығаруға, тастауға;

3) қоқыс құбырларына сұйық тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемді қоқыстарды тастауға;

4) магистральдардың жол жүру бөлігі, көшелер мен өту жолдарының, жаяу жолдардың және көгал алаңдарын өту бөліктеріне сауда нысандары, құрылыс алаңдары, кәсіпорындар мен ұйымдар аумақтарынан, аулалық аумақтардан, кварталішілік өту жолдарынан және тағы басқаларынан тазаланатын қарларды шығаруға немесе ысыруға;

5) жаяу соқпақтарда, қоғамдық жолаушы көлігінің отырғызу аялдамаларында, саябақтарда, шағынгүлбақтарда, аулаларда және өзге де жаяу өту, көгалдандыру аймақтарында техникалық тұзды және сұйық кальций хлоридін мұзға қарсы реагент ретінде пайдалануға;

6) көгал алаңдарына, гүлбақтарға, бұталар мен өзге де жасыл көгалдарға ластанған және тұздалған қарды, мұз ойындыларын роторлы лақтыруға және ығыстыруға;

7) суаққы құбырларының шұңғымасына қар, мұз және қоқыстарды тастауға;

8) ағаштар мен бұталардың түбіне жапырақтарды тастауға;

9) жолдарды және (немесе) жол бөліктерін ластауға жол бермеу мақсатында кез келген жүк түрлерін тиянақты жабынсыз жүк көліктерімен тасымалдауға;

10) меншік иесінің немесе басқа құқылы тараптардың келісімшартсыз хабарландырулар, плакаттар, үндеулер, түрлі ақпараттық материалдарды, жазу-сызулар мен кескіндеме суреттер орналастыруға;

11) автомобиль жолдарының жүретін бөлігіне қозғалысқа қауіп төндіретін заттарды, қоқыстарды лақтыруға;

12) үйлердің, ғимараттардың және тұрғын үйлердің терезелерінен қоқыстарды лақтыруға;

13) жаяу соқпақтар, шағынгүлбақтар, саябақтар аумағына және басқа да қоғамдық орындарға ұсақ қоқыстарды лақтыруға;

14) жергілікті атқарушы органымен арнайы бөлінген орындардан тыс жерлерге тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, өндірістік қалдықтарды, жәшіктерді, ағаш үгінділерін, жапырақтарды, қарды, сұйық қалдықтарды тастауға;

15) су айдындарына өнеркәсіптік кәсіпорындардың тазартылмаған суларын ағызуға;

16) кәсіпорындардың және жеке тұрғын үй құрылысының ішкі аумақтарын қоса алғанда, шағынгүлбақтарда, саябақтарда қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерде қоқыстарды, жапырақтарды, ыдыстарда, өндірістік қалдықтарды жағуға, от жағуға;

17) белгіленбеген жерлерде, тиісті жол белгілерімен және (немесе) жолақтармен белгіленген және бөлінген жерлерден тыс орындарда көлік құралдарының аялдауына, тұруына және оларды жууға;

18) аулалар және кварталішілік аумақтардың жасыл аймақтарына, балалар, киім-кешек кептіретін және контейнерлік алаңдарға, жаяу жүргіншілер жолдары мен жаяу соқпақтарға қызметтік және жеке автокөліктердің тұруына, кіруіне;

19) бір деңгейде жолдар, көшелердің және кірме жолдардың қиылыстарында және теміржол өткелдеріне жақын жерлерде, көліктік қоршаулармен жабдықталған немесе көтеріңкі жиектемелері бар жол учаскелерінде, жаяу соқпақтарда қар үюге.

20) көшелерде, балалардың аула алаңшаларында, қоғамдық орындарда, бұл мақсаттарға белгіленбеген орындарда үй жануарларын серуенге шығаруға;

21) адамдар шомылуға арналған жерлерде киім-кешек жууға және үй жануарларын жуындыруға;

22) мұз жарықшақтарын, қарды жасыл желек алаңдарына, жаяу соқпақтарға, көгал алаңдардың орын ауыстыруға, лақтыруға және үюге;

23) тұрғын үй нысандардың, ұйымдардың, мекемелердің аумақтарында аулалық қондырғыларды, шұңқырларды және қоқыс жинау алаңдарын салуға және қайта жабдықтауға жол берілмейді.

10. Облыстың қалалары мен елді мекендерін санитарлық ағымда ұстау мамандандырылған кәсіпорындармен жүзеге асырылады және мыналарды қамтамасыз ететін:

бейіттерді күтіп ұстау;

жасыл желектерді күтіп ұстау және суару;

облыстың қалалары мен елді мекендерінің аумағын қоқыс пен қалдықтардан тазарту және оларды уақтылы шығаруды ұйымдастыру шараларын жүргізуден тұрады.

4. Аумақты жинау және тазартуды ұйымдастыру және оның негізгі талаптары

11. Қалалардың және елді мекендер аумағын санитарлық тазалау жүйесі тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жинау, жою, залалсыздандыру мен кәдеге жаратуды қарастырады және мамандандырылған ұйымдармен жүзеге асырылады.

12. Арнайы автокөліктердің саны құрылыс салынып жатырған учаскенің нақты дамуы мен елді мекеннің жергілікті жағдайы ескеріле отырып анықталады.

13. Тұрғын үйлердің, ұйымдардың, мәдени-көпшілік мекемелерінің, демалыс аймақтарының аумақтарында көліктер кіре алатындай қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орналастыру үшін арнайы алаңшалар бөлінеді. Алаңша су өткізбейтін жабынмен және толықтай қоршаумен жайластырады.

14. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер қақпақтармен жабыды.

15. Контейнердің есепті сыйымдылығы қоқыстардың нақты жиналып қалуына сәйкес болуы қажет. Орналастырылатын контейнерлер санының есебі осы контейнерлерді пайдаланатын тұрғындар саны, қалдықтардың жиналып қалу нормалары, олардың сақталу мерзімдерін ескере отырып жүргізіледі.

16. Кәсіпорындар, ұйымдар, кондоминиум басқару органдары, жеке үй-жайлар мен бизнес нысандарына соңынан қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлектеп жинау арқылы біртіндеп еуропалық және басқа да контейнерлерді пайдалануға көшуге ұсынады.

17. Қоқыстарға арналған контейнерлер арнайы орындарда ұдайы дезинфекцияланып және дезинсекцияланып, жуылып отырады.

18. Әрі қарай пайдалануға жарамсыз контейнерлер уақтылы ауыстыруға жатады.

19. Кәрізделмеген аулалық және қоғамдық әжетханалар тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардан, балалар ойнайтын және тұрғындардың демалыс орындарынан және құдықтардан, бұлақ көздерінен алшақтатылады.

20. Су құбырлары желілерінен арақашықтықты қолданыстағы санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес белгіленеді.

21. Көпқабатты тұрғын үй құрылысы аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтар алаңшасы шетінен қажетіне қарай 1,5 метр радиуста контейнер алаңшаларының іргелес аумағын жоспарлы-ұдайы түрде тазалау жүргізіледі.

22. Тұрмыстық және басқа да қалдықтарды шығару күн сайын таңғы сағат 7.00-ден ерте емес және 23.00-ден кеш емес уақытта жүргізіледі.

23. Жеке тұрғын үй құрылысы аудандарын қатты тұрмыстық қалдықтардан

жоспарлы-ұдайы тазарту аптасына екі мәртеден кем емес жүргізіледі.

24. Қоғамдық орындарда қоқыс салатын жәшіктер орнатылады. Жәшіктердің арақашықтығы адам көп жүретін көшелерде 40 метрден және адам аз жүретін көшелерде 100 метрден артық емес аралықта болады. Жәшіктерді тазалау қоқыстардың толуына қарай жүргізіледі.

25. Жолаушылар көлігі аялдамаларын орналасқан жәшіктерді арнайы аялдама тазалайтын мекемелермен, ал сауда нысандарында орнатылған жәшіктер сауда кәсіп орындармен тазартылып, дезинфекцияландырады.

26. Аулалық әжетханалар мен контейнерлік алаңшалардан бекітілген алшақтықты сақтау мүмкіндігі жоқ қалыптасқан құрылыс аудандарында бұл арақашықтық комиссиялық түрде белгіленеді.

27. Кәрізделмеген үй-жайларда сұйық қалдықтарды жинау үшін сорып алынатын, су өткізбейтін шұңқырлар және жер бетіндегі бөлігі қақпақпен және қатты фракцияларды жібермейтін тормен жабдықталады. Аулалық сорып алынатын шұңқырлар болған жағдайда, олар ортақ бола алады.

28. Жол жабындылары жолдың беткі қабатында жиналған ластар су ағынымен жасыл желек жолақтары немесе жаяу соқпаққа шашырамайтындай етіп жуылады.

29. Қозғалыс қарқындылығы жоғары көшелер жылдың ыстық мезгілінде жуылып тұрады.

30. Нөсерлік кәрізі жоқ көшенің өту бөліктері арнайы көліктермен жиналады. Көшелерге ас тұзын себуге жол берілмейді.

31. Жапырақтар түсетін кезеңде жапырақтар уақтылы жиналады. Жиналған жапырақтар арнайы бөлінген учаскелерге немесе шірітетін алаңдарға шығарылады.

32. Тұрғын үй кварталдарының, шағын аудандардың аумақтарында, сондай-ақ үй жанындағы аумақтарда бөлінген жер учаскесі шекараларында келесі тәртіп сақталады:

1) аспа жолдардың, жаяу соқпақтардың, жаяу жүргіншілер жолдарының, кварталішілік кірме жолдарымен жолдардың жабындылары қалыпты жағдайда ұсталады;

2) аулаларда өз бетінше түрлі шаруашылық және қосалқы құрылыстардың салуына жол берілмейді;

3) қызыл жолақтарды және құрылыстарды реттеу жолақтарын бұзып салынатын кез келген құрылыстарға жол берілмейді;

4) тұрғын үй жаны аумақтарын құрылыс материалдарымен бөгеп тастауға жол берілмейді;

5) инженерлік коммуникацияларды және құдықтарды уақтылы қарау және тазалау жүргізіледі;

б) спорттық, ойын, балалар және шаруашылық алаңдарының жабдықтары, қоршаулар мен шарбақтар қалыпты жағдайда ұсталуы қажет.

33. Суару-жуу және сыпырып-тазалау машиналарын толтыру техникалық сумен жүргізіледі.

34. Тұрғылықты жерлер аумағында қалдықтарды жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді мамандандырылған кәсіпорындар жүргізеді.

35. Жұқпалы стационарларды қоспағанда (соның ішінде туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық) қоғамдық тамақтану, сауда, жалпы білім беретін, шипажай-курорттық ұйымдардың және басқалардың тағам қалдықтары қақпағы бар ыдыстарға жиналып, салқындатылатын орын-жайда немесе тоңазытқыш камераларда сақталады. Жұқпалы стационарлардың тағам қалдықтарын қоспағанда (соның ішінде туберкулезге қарсы, тері-венерологиялық және т.б.) тағам қалдықтары малға азық ретінде беруге болады.

36. Қатты тұрмыстық қалдықтарды қалалар және облыс елді мекендерінде қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында кәдеге жарату жүргізіледі.

37. Қала аумағында орналасқан жеке тұрғын үйлер секторында тұрғын үйлердің көше жақ бетіне және автокөлік жолының жиегіне құрылыс материалдарын жинап қоюға жол берілмейді.

38. Мемлекеттік архитектуралық құрылыс бақылау мекемелерін, жергілікті сәулет және қала құрылысы бөлімдерін құрылыс салушыға қала және аудандар аумақтарында құрылыс-монтаждау жұмыстарын өндіріске қосу рұқсатын берген кезде уәкілетті органдардың құрылыс алаңдары мен учаскелерін ұстау үшін тиісті келісімдер мен рұқсаттардың қажет екенін жазбаша хабарлайды.

39. Сыртқы жарнамалар орнатуға рұқсатты жергілікті атқарушы органдары береді.

5. Қыс мезгілінде аумақты тазартудың ерекшеліктері

40. Қала мен елді мекендері көше жолдарының бөлігі мен өтпелдерін қысқы тазарту жұмыстары осы Қағида талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

41. Саябақтардағы, орманды саябақтардағы, бақтардағы, скверлердегі, бульварлардағы және басқа да көгалды аймақтардағы жолдарды тазарту кезінде осы мақсаттарға алдын ала дайындалған алаңдарға жасыл желектердің сақталуы мен еріген сулардың ағуын қамтамасыз еткен жағдайда, құрамында химиялық реагенттері жоқ қарларды үюге рұқсат етіледі.

42. Қысқы кезеңде жолдар, бақ орындықтары, қоқыс салатын жәшіктер мен басқа да элементтер және шағын сәулеттік формалар, сондай-ақ, олардың

алдындағы және жанындағы кеңістіктер мен оларға баратын жолдар қар мен мұздақтардан тазартылады.

43. Қар шығарудың технологиялық операциясы екі кезеңде жүргізіледі:

1) бірінші кезекте (таңдамалы) жолаушыларды тасымалдау көлігі аялдамаларынан, жер үсті жаяу жүргіншілер өтпелдеріндегі, көпірлердегі және жол желілеріндегі, ауруханаларға кіретін жолдардағы және басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандардағы қарды шығару;

2) соңғы (жаппай) қар шығару жұмыстары бірінші кезектегі қар шығару жұмыстары аяқталғаннан кейін атқарушы органмен анықталатын кезектілікке сәйкес жүргізіледі.

44. Көшелер мен өтпелдерден шыққан қар арнайы дайындалған алаңшаларға шығарылуы тиіс.

45. Жаяу соқпақтар мен көпір құрылыстарына шығатын жерлердегі баспалдақтарды тазарту жұмыстарына мынадай талаптар қойылады:

1) жаяу соқпақтар мен көпір құрылыстарына шығатын жерлердегі баспалдақтар барлық еніне жабынды жерге дейін тазартылады;

2) тоқтаусыз қар жауған кезде жаяу соқпақтар мен көпір құрылыстарына шығатын жерлердегі баспалдақтар тайғаққа қарсы материалдармен өңделеді;

3) тайғақ болатыны немесе болу мүмкіндігі жөнінде хабарландырылған жағдайда, бірінші кезекте көпір құрылыстары баспалдақтар, содан кейін жаяу соқпақтар тайғаққа қарсы материалдармен өңделеді.

46. Аула аумақтары мен кварталішілік кірме жолдардан тазартылған қар автокөліктің еркін кіруіне және жаяу жүргіншілер қозғалысына кедергі келтірмейтін аула аумағындағы орындарға міндетті түрде тасып шығарылуымен уақытша үйіледі.

47. Ғимараттар мен тұрғын үйлер шатырларын қар мен мұздақтардан көше жаққа қараған шатырдың құламасынан жаяу соқпақтарға түсіру арқылы тазарту жұмыстарын тек күндізгі уақытта жүргізуге жол беріледі. Қарды шатырдың құламаларына, сондай-ақ жазық шатырлардан түсіру аулаішілік аумақ жаққа жүргізілуге жол беріледі.

Қарды түсірер алдында жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғау шараларын өткізу қажет. Ғимараттар мен тұрғын үй шатырларынан түскен қарлар, мұздақтар жедел түрде белгіленген аумаққа жиналады және одан әрі мамандандырылған кәсіпорындармен шығарылуы үшін орналастырылады.

6. Ұсақ бөлшектік сауда үшін уақытша ғимараттарды орнату және күтіп ұстау

48. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарын орналастыруға (нысандардың аумағында орналасқан ұсақ сауда нысандарын қоспағанда) мемлекеттік стандарттарында, санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, өртке қарсы қағидаларында және басқа да нормативтік құжаттарда көрсетілген талаптарын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдармен белгіленген орындарда рұқсат беріледі.

49. Салқындатылған сусындармен, изотермиялық жылжымалы ыдыстардан (цистерналар) кваспен сауда жасау бір мәрте пайдаланатын стақандарды қолданылған жағдайда, жергілікті атқарушы органдардан рұқсат құжаттарын алған кезде жүргізеді.

50. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарында ыдыс және өнімнің күндік қорын сақтауға арналған орын бөлінеді.

51. Нысанның іргелес аумағында ыдысты сақтауға жол берілмейді.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе келісімшартта, не тауардың өзінің табиғи қасиетінен туындаған жағдайда өзгеше белгіленбесе, бөлшек сауда кезінде тауардың әр бірлігі оралуға, өлшеніп-буылуға тиіс.

53. Көкөніс, жеміс-жидек және бақша дақылдарын сауда үй жайларынан тыс жерлерде сатуға жергілікті атқарушы органмен белгіленген орындарда жол беріледі.

54. Сауда автоматтары бір мәрте пайдаланатын ыдыстармен қамтамасыз етіледі.

55. Жұмсақ балмұздақтарды оны дайындаған жерде ғана сатуға рұқсат беріледі.

56. Ұсақ бөлшектік сауданың жылжымалы құрал-жабдықтары жұмыс күні аяқталғаннан кейін негізгі санитарлық өңдеуге жатқызылады.

57. Ұсақ бөлшектік сауда нысандарында қолжуғыш, қоқыстар мен қалдықтарды салатын қақпағы бар ыдыс орнатылады, сатушының жеке заттарын сақтайтын орын қарастырылады.

58. Ұсақ бөлшектік сауда нысанының сатушысы:

- 1) нысанның іргелес аумағын тазалықта ұстайды;
- 2) тағам өнімдерінің шығарылған жерін, сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттар болған жағдайда оларды қабылдайды және сатады.
- 3) сатылатын тағам өнімдерінің пайдалану мерзімдерінің сақталуын қарайды;
- 4) тағам өнімдерін сату мерзімі мен талаптарын сақтайды, сату кезінде қыстырмаларды, күрекшелерді қолданады;
- 5) өнімдерді ластанудан сақтайды;
- 6) таза арнайы киімдерін және аяқ киімдерді киеді;
- 7) жеке гигиена талаптарын сақтайды, әрбір жұмыс үзілісінен кейін және қажетіне қарай қолын жуады;

8) өзімен бірге санитарлық кітапшасы болуы керек;

59. Бөлшек сауда нысанының аумағы тазалықта ұсталады. Күн сайын жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін негізгі, күн ішінде ағымдағы тазалау жүргізіледі. Қысқы кезеңде іргелес аумақтар қар мен мұздан тазартылып, құм себіледі, жаз мезгілінде су себіледі.

60. Келушілер мен персонал үшін әжетханалар, 50 сауда орнына кемінде бір шүмек есепті санымен қол жууға арналған, сауда құрал-жабдықтарын, жеміс-жидектер мен көкөністерді жуатын қондырғылармен жабдықталады.

61. Санитарлық тораптар мен қолжуғыштар қалыпты, тазалықта ұсталып және күн сайын дезинфекцияланады.

Санитарлық тораптарға қызмет көрсететін персонал нысандағы басқа жұмыс түрлеріне жіберілмейді.

62. Сәулеттік шешімдер облыс қалалары мен аудандарының сәулет және қала құрылысы бөлімдері мемлекеттік мекемелерімен келісіледі.

63. Ұсақ бөлшектік сауда нысандары мен кешендеріне көліктік қызмет көрсету іргелес магистральдар мен жаяу жүргіншілер бағыттарындағы көлік қозғалысы мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне кедергі келтірмеу ұсынылады.

7. Жолдарды, аялдама және отырғызу алаңдарын тазарту

64. Көшелердің өту жерлерін барлық ауданының ені бойынша, алаңдардың, жолдардың және көше желілерін, көлік тұратын қалташаларды, сондай-ақ жағалаулар, көпірлер, жол өткелдерін күту мен тазалау жұмыстарын жүргізуге уәкілетті органмен жасалған мемлекеттік сатып алу шарты негізінде мердігер-кәсіпорындар жүргізеді.

65. Жол жабынын үзіліссіз қоқыстан, балшық, қардан технологиялық тазарту жұмыстарын қамтамасыз ету үшін, халықтың жаппай баратын нысандарына жақын орналасқан қалалар мен елді мекендердің магистральды көшелердің бойына автокөлік құралдарын қоюға тыйым салынады, тыйым салу қажетті жол белгілерін қоюмен белгіленеді.

66. Магистральдардың, көшелердің және кірме жолдардың жиектемелерін, жол жабынын, осьтік және резервтік жолақтарын сыпыру жұмыстары алдын ала ылғандандырылғаннан кейін, уәкілетті орган бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

67. Жолдардың өту бөлігі қандайда болмасын ластан толығымен тазартылуы тиіс. Реттеу сызығымен белгіленген осьтік және резервтік жолақтар құм мен түрлі ұсақ қоқыстардан тұрақты түрде тазартылуы тиіс.

68. Жолдардың жағасы ірі көлемді және өзге де қоқыстардан тазартылуы тиіс. Жұмыстарды жүргізу кезінде көшенің өту бөлігі мен кірме жолдарына

қоқыстарды шығаруға тыйым салынады.

69. Жолаушылар көлігінің аялдама алаңдарын жинау жұмыстарын жолдардың өту бөлігін жинауды жүзеге асыратын кәсіпорындар жүргізеді.

70. Сыртқы жарықтандыру бағаналарының құрылғысы мен діңгегінің аумағын және жаяу соқпақтарында орналасқан байланыс желілерінің маңайын жинау жұмыстарын жаяу соқпақтарды тазартуға жауапты кәсіпорындар іске асырады.

71. Трансформаторларға немесе таратушы қосалқы станцияларға, автоматты режимде жұмыс жасайтын басқа да инженерлік ғимараттарға (қызмет көрсететін персоналсыз), сондай-ақ, электр беріліс желілерінің тіректеріне осы нысандардың иелері жүргізеді.

72. Жер үсті құбырларының астындағы қорғалатын аумақтарды тазарту мен күтіп ұстау жұмыстары желілердің иелерімен жүргізіледі.

73. Уақытша көше саудасы мен жалпы тамақтану орындарын, бизнес нысандарына (базарлар, кафе, дәмхана, сауда павильондары, жылдам салынатын сауда кешендері, шатырлар, дүңгіршектер және сол сияқтылар) іргелес аумақтарды жинауды осы нысандардың иелері жүзеге асырады.

Іргелес орналасқан көгал алаңдарға, сауда шатырларының үстіне, дүңгіршектерге және басқа да сауда нысандарының төбесіне ыдыстарды үюге жол берілмейді.

74. Суды айдау (қазан шұңқырлардан су сору, инженерлік желілердегі апатты жағдайлар) салдарынан пайда болған су басу орын алған жағдайда, оларды жою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдардың жауапкершілігіне жүктеледі.

75. Жол жөндеу жұмыстарын жүргізген кездегі асфальт жарықшақтарын шығару осы жұмыстарды жүргізуші ұйымдармен: қаланың бас магистральдарынан - тез арада, басқа көшелер мен аулалардан тәулік ішінде жүргізіледі.

76. Ақаба желісін қоқыс басуын болдырмау үшін ақаба коллекторларына тұрмыстық қоқыстарды тастауға жол берілмейді.

77. Контейнерлерді және контейнерлік алаңшалар аумағын жинау, контейнерлерді жуу және дизенфекциялау мамандандырылған ұйымдармен жүргізіледі.

8. Шағын сәулет нысандарын күтіп ұстау

78. Қалалардың және елді мекендердің аумақтары шағын сәулеттік нысандармен жабдықталады.

79. Шағын сәулеттік нысандар стационарлық және жылжымалы болуы

мүмкін, олардың саны мен орналасуы аумақтарды абаттандыру жобаларымен анықталады.

80. Шағын сәулеттік нысандар жеке жобалар бойынша дайындалады.

81. Жаңа құрылыс салу кезінде құрылыс жүргізіліп жатырған учаске шегінде шағын сәулеттік қалыптарды жобалау, дайындау және орнату тапсырыс берушімен жобалау-сметалық құжаттамаларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

82. Шағын сәулеттік қалыптардың құрылымдық шешімдері олардың орнықтылығын, қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

83. Шағын сәулеттік қалыптарды күтіп ұстау және жөндеу олардың меншік иелері жүзеге асырады.

9. Ақылы автотұрақтарды және гараж кооперативтерін орналастыру және абаттандыру

84. Жеке меншік иелерінің жеңіл автокөліктерінің гараждарын, күзетілетін ашық автотұрақтардың, автокөліктердің уақытша тұрақтарын (ақылы және ақысыз) орналастыру қолданыстағы экологиялық, санитарлық және қала құрылысы нормаларымен және ережелерімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

85. Жеңіл автокөліктерінің ашық, ақылы тұрақтарын тұрғын үй және қоғамдық құрылыстарға дейінгі санитарлық аралықты қамтамасыз ете отырып орнату қажет.

Автотұрақтардың қатты жабыны, қоршауы, күзетке арналған орын-жайы мен сыртқы жарықтандыруы болуы қажет.

10. Құрылыс алаңдары мен учаскелерін күтіп ұстау

86. Нысанның құрылыс алаңын жайластыру жұмыстары (жаңа құрылыс, қайта жабдықтау, жөндеу, құрылысты бұзу) басталғанға дейін құрылыс салушы (нысанның иесі) белгілі бір жұмыс түрлерін жүргізуге келісім және рұқсат алу үшін қажетті құжаттарды уәкілетті органға ұсынады.

87. Рұқсат алғаннан кейін құрылыс жүргізуші-тапсырыс беруші (нысанның иесі) қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес құрылыс алаңдарын міндетті талаптарды сақтай отырып, жайластырады.

88. Барлық материалдар мен топырақ тек қоршалған аумақ шегінде орналастырылады, шығарылған топырақ (құнарлы топырақтан басқа) тез арада тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады.

89. Құрылыс жүргізуші немесе мердігер тиісті полигондарға уақытында тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, қар мен мұзды шығару жұмыстарын

ұйымдастыру үшін құрылыс алаңдарын орналастыруға рұқсат алған кезде осы жұмыс түрлерін жүргізуге лицензиясы бар мамандандырылған кәсіпорындармен келісімшарт жасайды.

90. Құрылыс аяқталғаннан кейін құрылыс жүргізуші құрылыс алаңына іргелес аумақтағы, сондай-ақ уақытша жүруге пайдаланылған, жүргіншілер өтетін жерлер, материалдарды қою үшін уақытша пайдаланылған ғимараттар аумақтарының бұзылған абаттандыру жұмыстарын, инженерлік желілерін және басқа қажеттіліктерін қалпына келтіреді.

11. Жер жұмыстарын жүргізудің, инженерлік желілерді, ғимараттарды және коммуникацияларды күтіп ұстаудың тәртібі

91. Жол жабынын, жаяу соқпақтарды, көгал алаңдарды және басқа да нысандарды бұзумен байланысты жер жұмыстарын және басқа да жұмыстарды жүргізетін барлық заңды және жеке тұлғалар уәкілетті органдардан жұмыстарды жүргізуге рұқсат алады.

92. Шаруашылығында инженерлік коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар қалалардың және елді мекендердің абаттандыруын бұзуға әкелуі мүмкін инженерлік желілер мен ғимараттардың техникалық жағдайын тұрақты қарап отыруы тиіс, атап айтқанда:

аумақты су басуына және мұздың пайда болуына жол бермеу, бөлінген және қорғалатын аймақтардың санитарлық жағдайын бақылау, люктердің қақпақтары, құдықтар мен камералардың жабындылары, нөсерлік кәріздердің торлары қатты төсеммен бір деңгейде болуы және түзу қалыпта ұсталуын;

монтаждау қағидаларын сақтамау салдарынан, бұзылуы мүмкін жер асты желілерінің үстіндегі қатты немесе топырақ төсемінің жағдайын, қайта жабылуы мен қолданылуын қарау, жер үсті инженерлік коммуникацияларды, құрастырмалар мен ғимараттарды жөндеу, тазарту және сырлау жұмыстарын уақытында жүргізу қажет.

93. Қатты төсемді аумақты күрделі жөндеу немесе қайта жаңарту жұмыстарын жүргізген кезде инженерлік желілер құдығының люктерін керекті өлшемдерге жеткізу жұмыстары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

94. Қалалар мен елді мекендер аумақтарынан жер үсті және жер асты суларын кетіру үшін арналарды, құбырлар мен сорғытқыларды алдын ала тексеру, нөсерлік кәріздердің коллекторларын, жауын қабылдағыштар құдықтарды тазарту жұмыстары пайдаланушы кәсіпорындарымен; аулалардың аумақтарында – кондоминиумді басқару органдарымен; жеке меншік учаскелерде және кәсіпорын аумақтарында – иелерімен жүргізіледі.

12. Апатты жұмыстарды жүргізу

95. Апат туындаған жағдайда, инженерлік коммуникациялар мен ғимараттардың иесі, пайдаланушы ұйым апатты және оның салдарын жоюдың жедел шараларын қабылдайды. Бұл жағдайда мыналар: адамдар мен көлік қозғалысының қауіпсіздігі, сондай-ақ қатар орналасқан жер асты және жер үсті ғимараттардың, инфрақұрылым нысандарының, жасыл желектердің сақталуы қамтамасыз етіледі.

96. Апаттық бригаданы апат орнына жіберумен қатар пайдаланушы ұйым бір мерзімде апаттың сипаты мен орны жайында, осы апат ауданында жер асты және жер үсті құрылғылары бар ұйымдарға, облыс қалалары мен аудандардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімдері және ішкі істер органдарына, сондай-ақ басқа да мүдделі қызметтерге хабарлайды.

97. Аймағында жер асты немесе жер үсті коммуникациялары бар заңды тұлғалар апат туралы хабарды алғаннан кейін, апат орнына осы жердегі орналасқан мекемеге қарасты ғимараттар мен инженерлік коммуникацияларды көрсетуге тиісті және орындау сызбаларымен бірге өздерінің өкілдерін жібереді.

98. Апат орны маңайында материалдарын немесе басқа құндылықтарын сақтаушы иелері бойынша учаскені жедел түрде босатады.

99. Егер де апатты жою жұмыстары өту жолын толық және жартылай жабылуын қажет етсе, облыстың мен қалалардың, елді мекендердің ішкі істер органдары өту жолын уақытша жабылуы, көліктің айналып жүру бағыты туралы жедел шешім қабылдайды.

100. Апат жұмыстары жүргізілетін орын қалқандармен немесе белгіленген үлгідегі апаттық жарық құрылғысы мен габаритті қызыл түсті шамдары бар қорғандармен қоршалады. Көшенің (магистральдың) өту бөлігінде облыс қалалары мен елді мекендердің ішкі істер органдарымен келісім бойынша қажетті жол белгілері қойылады.

Жұмыстар толық аяқталғанға дейін апатты жою жұмыстарын жүргізуге жауапты тұлғалар апаттық жарықтандыру, қоршау (қалқан) орнату, жол белгілерінің қою жұмысына жауап береді.

101. Апат салдарын жою және аумақтың абаттандырылуын қалпына келтіру үшін, жер жұмыстарын жүргізуге рұқсатты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімдеу қажет. Жер жұмыстарын жүргізуге рұқсат белгіленген мерзімдерге дейін ресімделмеген жағдайда, қазу жұмыстары заңсыз болып саналады және кәсіпорын қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапқа тартылады.

102. Жоспарлы жұмыстарды апатты деген сылтаумен жүргізуге жол берілмейді.

13. Ғимараттар мен үйлердің қасбеттерін күтіп ұстау

103. Ғимараттардың, үйлердің және бизнес нысандарының меншік иелері өз нысандарын және олардың жекелеген элементтеріне (шатыр, лоджия, балкон, ақаба су құбырлары және басқалары) қайта жаңғырту, жөндеу және қасбеттерін сырлау жұмыстарының уақтылы жүргізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, қасбеттерінде орнатылған ақпараттық маңдайша жазуларын, ескерту тақталарын таза және қалыпты жағдайда ұстауға ұсынады.

104. Ғимараттардың, мекемелердің, кеңселердің, дүкендер мен басқа бизнес нысандарының қасбеттеріне ілінген маңдайшалар мен көшелері кешкі және түнгі уақытта облыстың қалалары мен елді мекендерін келбеттендіру және қосымша жарықтандыру үшін ішкі жарық (неондық және сұйық кристалды т.б) элементтерімен жабдықталады.

105. Ғимараттардың қасбеттерін қайта жаңарту және элементтерін өзгерту жергілікті атқарушы органның келісімімен жасалады;

106. Ғимараттар мен үйлердің меншік иелері оларды қала құрылысы мен жобалау құжаттарына, қала құрылысы нормативтері мен ережелері, экологиялық, санитарлық, өртке қарсы және басқа арнайы нормаларға сәйкес олардың тиісті күтіп ұсталуы бойынша жұмыстарын жүргізуге, соның ішінде оларға тиесілі ғимараттар мен үйлердің қасбеттерін жөндеу мен жаңғырту жұмыстарын жүргізіледі.

107. Егер де заңды немесе жеке тұлғалардың меншігінде шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқаруында тұрғылықты емес немесе тұрғын үй ғимараттарында тұрғылықсыз бөлмелер болған жағдайда, осы тұлғалар аталған ғимараттың алып тұрған ауданына барабар қасбеттерді жоспарлы жөндеу және жаңғыртуға үлес қосуы керек.

108. Ғимараттарды, орын-жайларды және үйлердің жалға алушылар және жалдаушылар сәйкес ғимараттардың және үйлердің қасбеттерін жөндеу, жаңарту , жаңғырту жұмыстарын жүргізуге міндеттеме алады.

109. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен үйлердің қасбеттерін жөндеу, жаңарту, жаңғырту жұмыстары Қазақстан Республикасы және облыс қалалары мен аудандары әкімдіктерінің құқықтық актілерімен белгіленген қорғау нормативтері мен ережелеріне, тиісті мемлекеттік органдарымен келісім бойынша сақталатын міндеттемелеріне сәйкес жүргізіледі.

110. Облыстың қалалары мен аудандарының коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органдар ғимараттар мен үйлердің қасбеттерін жөндеу

мен жаңғырту жұмыстарын ұйымдастыру бойынша шараларды жыл сайын қабылданатын бюджеттік бағдарлама негізінде жүргізеді.

Ғимараттар мен үйлердің қасбеттерін жөндеу мен жаңғырту жұмыстарының бағдарламасы облыс қалалары мен аудандары әкімдіктерінің нормативтік құқықтық актілерімен бекітіледі.

14. Сыртқы жарық пен бұрқақтарды күтіп ұстау

111. Облыс қалалары мен аудандары коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органдармен бекітілген кестеге сәйкес көшелердің, жолдардың, алаңдардың, жағалаулардың және басқа жарықтандырылатын нысандардың сыртқы жарығын қосу табиғи жарық көлемінің кешкі ымырт кезінде 20 люкске дейін азайған кезде, ал сөнуді - таңғы күңгіртте 10 люкске дейін көтерілгенде беріледі.

112. Біртіндеп электр қуатын үнемдейтін шамдарға көшуді іске асыру қажет. Алаңдардағы, магистральдардағы және көшелердегі, аула аумақтарындағы шамдардың жанбауы 5 пайыздан аспау керек. Металл бағаналар, кронштейндер және басқа сыртқы жарықтандыру құрылғылары мен байланыс желілерінің элементтері сырланған, тазалықта ұсталуы және оларда тот басу ошақтары болмауы тиіс.

113. Істен шыққан газзарядты шамдар, доғалы сынапты шам, металдық диодтары бар доғалды шам, доғалды натрийлі, люминесцентті шамдар осы мақсаттарға арналған арнайы бөлінген жерлерде сақталып, одан әрі кәдеге жарату үшін арнайы кәсіпорындарға жеткізілуі тиіс.

114. Құлап қалған жарықтандыру тіректерін шығару жұмысы негізгі магистральдарда тірек иесімен - дереу; қалған аумақтарда, сондай-ақ бөлшектенетін тіреулерді шығару тәулік ішінде жүргізіледі.

115. Бұрқақтарды қосу мерзімі, олардың жұмыс тәртібі, табақтарын жуу және тазарту кестесі, техникалық үзілістері мен жұмысының тоқтатылуы облыс қалалары мен аудандары коммуналдық шаруашылығының уәкілетті органымен анықталады.

116. Бұрқақтардың жұмыс істеуі кезінде су бетін қоқыстардан тазарту жұмыстары күн сайын іске асырылады. Пайдаланушы ұйымдар бұрқақ сөніп тұрған кезде де оның тазалығын сақтауға міндетті.

15. Көркемдік безендіру және жарнама

117. Көркемдік безендіру және жарнаманы орналастыру Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы "Жарнама туралы" Заңы және

басқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

16. Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік

118. Осы Қағиданы бұзған заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК